

## АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

### Жеке зейнетақы шотынан берілетін үзінді көшірменің түрлері туралы

«БЖЗК» АҚ зейнетакы жинақтарының жай-күйі туралы бірнеше тәсіл арқылы білуге болатынын естерінізге салады, атап айтсақ:

- Электрондық цифрлық қолтаңба көмегімен немесе БЖЗК-ның деректер базасында тіркелген ЖСН мен парольді пайдалана отырып, БЖЗК сайтындағы ([www.enpf.kz](http://www.enpf.kz)) «Жеке кабинетте».
- Жүйеде авторланып алғаннан кейін Google Play немесе App Store-дағы БЖЗК ұялы қосымшасынан алуға болады.

«Жеке кабинет» пен ұялы қосымшианың барлық функционалын пайдалану үшін «Интернет» ақпарат беру әдісін таңдау қажет. Бұл әрекетті [enpf.kz](http://enpf.kz) сайтындағы «Электрондық қызметтер» бөлімінде ЭЦҚ көмегімен онлайн арқылы аласыз.

Жеке зейнетакы шотынан үзінді көшірмені БЖЗК ұялы қосымшасынан немесе [enpf.kz](http://enpf.kz) сайтынан ала отырып, салымшылар мен алушылар зейнетакы жинақтарының жай-күйі, яғни түскен жарналар мен инвестициялық кіріс туралы толық ақпаратты көре алады.

- [egov.kz](http://egov.kz) электрондық үкімет порталында [tgov.kz](http://tgov.kz) мемлекеттік мобильді деректер қорында тіркелген телефон нөміріне келетін ЭЦҚ немесе бір реттік пароль көмегімен алуға болады.

Сіздің назарыңызды [egov.kz](http://egov.kz) порталында ЖЗШ-дан үзінді көшірмені екі түрлі форматта алуға болатына аударамыз:

зейнетакы аударымдары туралы анықтама, онда зейнетакы жарналарының аударылғандығы туралы мәліметтер инвестициялық кіріс есебінсіз көрсетіледі,

зейнетакы жинақтарының жай-күйі туралы инвестициялық кіріс есебі қамтылған ақпарат. Дәл осы себеппен кейбір салымшылар мен алушылар үзінді көшірмелердің аталған екі түрін салыстыра отырып, өз зейнетакы шоттарынан айырмашылықты көреді.

**Сізге [egov.kz](http://egov.kz) сайтындағы инвестициялық табыс есебі көрсетілген үзінді көшірмеге сұраныс жасауға немесе [enpf.kz](http://enpf.kz) сайтында және БЖЗК ұялы қосымшасында берілетін үзінді көшірмені алуға кеңес береміз.**

Сондай-ақ үзінді көшірмені жылyna бір рет зейнетакымен қамсыздандыру туралы шартта немесе ЖЗШ ашу туралы өтініште көрсетілген мекенжайға, сонымен бірге электрондық пошта мекенжайына өзініз таңдап алған кезеңділікпен алуға болады.

Сіздің зейнетакы жинақтарыңыз Сіздің меншігіңіз болып есептеледі. Мемлекет алушылардың зейнетакы төлемін алу құқығы туындаған сәттегі инфляция деңгейін ескере отырып, олар аударған міндетті зейнетакы жарналарының нақты енгізілген мәлшерінде сақталатынына кепілдік береді (Қазақстан Республикасында зейнетакымен қамсыздандыру туралы) Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабы).

БЖЗК 2013 жылғы 22 тамызда «ГНПФ» ЖЗК» АҚ негізінде құрылды мәлшерінде сақталуына кепілдік береді. БЖЗК құрылтайшысы және акционері – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің «Мемлекеттік мұлік және жеке шелендіру комитеті» ММ арқылы Қазақстан Республикасының Үкіметі. БЖЗК зейнетакы активтерін сенімгерлікпен басқаруды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жузеге асырады. 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап зейнетакы активтерін басқару тиімділігін арттыру бойынша ұсыныстар жасау қызметі Ұлттық қорды басқару кеңесіне берілді. Зейнетакы заңнамасына сәйкес БЖЗК міндетті зейнетакы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетакы жарналарын, ерікті зейнетакы жарналарын тартуды, зейнетакы төлемдерін, зейнетакы жинақтары мен төлемдерін жеке есепке алуды жузеге асырады, салымшыга (алушыга) зейнетакы жинақтарының жай-күйі туралы ақпарат береді (толығырақ [www.enpf.kz](http://www.enpf.kz) сайтында).